

**Qazaqstan
halqyna**


**2023 ЖЫЛҒЫ 1 ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТА «FORTEBANK» АҚ-
ДА «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ
ДОНОРЛАР ПУЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН ҚАРАЖАТТЫҢ
МАҚСАТТЫ ПАЙДАЛАНЫЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**



Бұл есеп әр банк бойынша жеке дайындалды, өйткені донорлар аударған қаражаттың мақсатты пайдаланылуын әрбір донор бойынша жеке ұсыну мүмкін емес. Алайда, Қор донорлардың қаражаты аударылатын банктердің әрқайсысы бойынша донорлардың қаражатын мақсатты пайдалану бойынша есеп жүргізеді. Қаражатты қандай да бір банкке аударған донорлардың әрқайсысы Қордың барлық қайырымдылық бастамаларын қаржыландыруға тең дәрежеде қатысады деп болжанады

2023 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНДА ҚОРДЫҢ «FORTEBANK» АҚ-ДАҒЫ ЕСЕП
АЙЫРЫСУ ШОТЫНА ТҮСІМДЕР 3 600 000 ТЕҢГЕНІ ҚҰРАДЫ.

01.01.2023 Ж. ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАРАЖАТ ҚАЛДЫҒЫ 18 935 892 279,79 ТЕҢГЕНІ ҚҰРАДЫ



01.01.2023 Ж. ҚОРДЫҢ «FORTEBANK» АҚ-ДАҒЫ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ШОТЫНДАҒЫ ҚАРАЖАТ ҚАЛДЫҒЫ 18 935 892 279,79 ТЕҢГЕ
БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА

3 600 000 ТЕҢГЕ – ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ БАЯНАУЫЛ АУДАНЫНЫҢ Қ.КЕМЕҢГЕРОВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ
МЕКТЕБІНДЕ «БОЛАШАҚ ИНЖЕНЕРЛЕР» БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУҒА ДОНОРДЫҢ МАҚСАТТЫ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАРНАСЫ.

2023 ЖЫЛДЫҢ 1 ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНДА ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БАСТАМАЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

4 222 992 742,77 ТЕҢГЕНІ ҚҰРАДЫ.

01.07.2023 Ж. ҚОРДЫҢ «FORTEBANK» АҚ-ДАҒЫ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ШОТЫНДАҒЫ ҚАРАЖАТ ҚАЛДЫҒЫ

14 662 748 917,02 ТЕҢГЕ.

2023 ЖЫЛДЫҢ 1 ТОҚСАНЫНДА «FORTEBANK» АҚ-ДАҒЫ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ШОТЫНАН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БАСТАМАЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ 1 845 475 510,54 ТЕҢГЕНІ ҚҰРАДЫ



2023 ЖЫЛДЫҢ 1 ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНДА 12 ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАМА МЕН ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖӘНЕ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ КЕЗІНДЕ ХАЛЫҚҚА КӨМЕК КӨРСЕТУ ШЕҢБЕРІНДЕ «FORTEBANK» АҚ-ДАҒЫ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ШОТЫНАН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БАСТАМАЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ 4 222 992 743 ТЕҢГЕНІ ҚҰРАДЫ



2023 ЖЫЛДЫҢ 1 ТОҚСАНЫНДА «FORTEBANK» АҚ-ДАҒЫ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ШОТЫНАН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БАСТАМАЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ 4 222 992 743 ТЕҢГЕНІ ҚҰРАДЫ

№	Қайырымдылық бағдарламалардың, жобалардың және көмектің атауы	Бағдарлама мен жобалардың жалпы құны, теңге	2023 жылдың 1 жартыжылдығында «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан бағдарламаны/жобаны іске асыру сомасы, теңге	2023 жылдың 1 жартыжылдығында «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотындағы жалпы төлемдерден бағдарламаны/жобаны іске асыруға арналған шығыстардың үлесі, %	Бағдарламаның/жобаның жалпы құнынан 2023 жылғы 1 жартыжылдықта «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан бағдарламаны/жобаны іске асыруға арналған шығыстардың үлесі, %
1	Болашақ инженерлер	673 200 000,00	3 600 000,00	0,09	0,53
2	Орфандық аурулар бойынша дәрі-дәрмектерді сатып алу	30 000 000 000,00	6 793 297,05	0,16	0,02
3	Ауыр науқастарды шетелдік клиникаларда емдеу (қаражатты қайтару)	417 532 700,00	-3 928 712,20	-0,09	-0,94
4	Мүгедектігі бар балалар мен жастарды (14-29 жас) инновациялық протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету	1 568 000 000,00	361 185 768,50	8,55	23,03
5	«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім беру гранттары	13 239 200 000,00	360 095 529,43	8,53	2,72
6	Қайғылы қаңтар оқиғаларында зардап шеккендерге қайырымдылық көмек көрсету	2 503 000 000,00	13 000 000,00	0,31	0,52
7	Тамыр патологиясы бар балаларға медициналық көмек көрсету	20 480 000,00	8 896 000,00	0,21	43,44
8	Аутизм және басқа да менталды бұзылулары бар балаларға арналған орталықтарды жарақтандыру	1 018 420 576,00	189 557 773,53	4,49	18,61
9	Ерте араласу орталықтарын жарақтандыру	870 273 144,00	290 691 195,46	6,88	33,40
10	«24 балалар спорт залы» жобасы	234 687 045,00	20 890 851,00	0,49	8,90
11	Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту	4 250 000 000,00	1 012 711 040,00	23,98	23,83
12	«Тұсау кесер» жобасы	84 294 100,00	19 500 000,00	0,46	23,13
13	Меншікті қаражатты сенімді басқаруға аудару «Endowment Qazaqstanhalqyna» нысаналы капиталды (эндаументті) басқару жөніндегі компания» корпоративтік қоры	9 700 000 000,00	1 940 000 000,00	45,94	20,00
БАРЛЫҒЫ:		64 579 087 565,00	4 222 992 742,77	100,01	

БОЛАШАҚ ИНЖЕНЕРЛЕР

Бағдарлама ауылдық мектептердің, шағын қалалар мен моноқалалар мектептерінің оқушылары үшін қолжетімді және сапалы қосымша білім беру ортасын құруға бағытталған.

Бағдарламаның мақсаты - мектеп оқушылары үшін инженерлік құзыреттілік саласында қосымша білім берудің қолжетімді және сапалы ортасын құру. Робототехника кабинеттері Қазақстанның барлық облыстарында: әр ауданда, шағын қалада және моноқалада бір мектептен жарақтандырылатын болады. 1-6 сынып оқушылары ауылдық мектептерде, шағын қалаларда және моноқалалардағы мектептерде бағдарламалау, құрастыру, мехатроника, электртехника және басқа да бағыттар бойынша білім ала алады. Бүгінгі таңда серіктестердің күшімен барлық 187 мектепте жөндеу жүргізілді, Қор барлық 187 мектепке робототехниканы зерделеу үшін бағдарламалық-аппараттық кешендер жеткізді. «Қазақстан халқына» қоры 673 200 000 теңге бөлді.

2023 жылғы 4 мамырда бағдарламаны іске асыру шеңберінде Қордың «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан 3 600 000 теңге аударылды. 2023 жылдың 1 жартыжылдығында Қордың «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан төлемдер сомасының 0,09%-ы және жалпы құнының 0,53%-ы іске асырылды.



Жобаның жалпы құны, теңге	2023 жылдың 1 тоқсанында «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан бағдарламаны іске асыру сомасы, теңге	2023 жылдың 1 тоқсанында «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотындағы жалпы төлемдерден бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстардың үлесі, %	Бағдарламаның жалпы құнынан 2023 жылдың 1 тоқсанында «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстардың үлесі
673 200 000,00	3 600 000,00	0,09	0,53

ОРФАНДЫҚ АУРУЛАР БОЙЫНША ДӘРІ-ДӘРМЕКТЕРДІ САТЫП АЛУ

Осы қайырымдылық бағдарлама шеңберінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында сирек және ауыр аурулары бар балаларды қымбат және тіркелмеген дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету жүргізіледі. Жылдың 31 қаңтар - 2 ақпан аралығында Қазақстан Республикасына дәрілік препараттарды жеткізгені үшін кедендік шығыстарды өтеу және келесі дәрі-дәрмектер үшін ақы төлеу есебіне 6 793 297,05 теңге аударылды:

- 1) Ленвима (Ленватиниб), 4 мг капсулалар;
- 2) Ремсима (Инфликсимаб (Infliximab), инфузияға арналған ерітінді дайындауға арналған лиофилизат, 100 мг.

Бағдарламаның жалпы құны 30 000 000 000 000 теңге болған жағдайда 2023 жылдың 1 жартыжылдығында Қордың «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан төлемдер сомасының 0,16%-ы және жалпы құнының 0,02%-ы іске асырылды.



Бағдарлама мен жобалардың жалпы құны, теңге	2023 жылдың 1 жартыжылдығында «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан бағдарламаны/жобаны іске асыру сомасы, теңге	2023 жылдың 1 жартыжылдығында «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотындағы жалпы төлемдерден бағдарламаны/жобаны іске асыруға арналған шығыстардың үлесі, %	Бағдарламаның/жобаның жалпы құнынан 2023 жылдың 1 жартыжылдығында «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан бағдарламаны/жобаны іске асыруға арналған шығыстардың үлесі, %
30 000 000 000,00	6 793 297,05	0,16	0,02



**Qazaqstan
halqyna**

Бағдарлама мүгедектігі бар балалар мен жастардың (14-29 жас) өмірін жеңілдетуге бағытталған және оларға әлеуметтенуге мүмкіндік береді.

Бағдарлама жергілікті өндірушілерден әр пайдаланушының қажеттіліктерін ескере отырып жасалған протездік-ортопедиялық бұйымдарды сатып алуды көздейді.

2023 жылдың 1 жартыжылдығында **30** азамат үшін **34** протез дайындалды, Қор **361 185 768,50** теңге сомасына **23** жеке инновациялық сан және/немесе жіліншік протездерін және **11** қол және/немесе қол буыны протездерін дайындауды қаржыландырды.

Қайырымдылық бағдарламасының жалпы құны 1 568 000 000 теңге болған жағдайда, 2023 жылдың 1 жартыжылдығында бағдарламаның жалпы құнының 23,03%-ы Қордың «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан іске асырылды.

МҮГЕДЕКТІГІ БАР БАЛАЛАР МЕН ЖАСТАРДЫ (14-29 ЖАС) ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПРОТЕЗДІК-ОРТОПЕДИЯЛЫҚ БҰЙЫМДАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ



Бағдарламаның жалпы құны, теңге	2022 ж.«FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан бағдарламаны іске асыру сомасы, теңге	2022 ж. «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотындағы жалпы төлемдерден бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстардың үлесі, %	Бағдарламаның жалпы құнынан 2022 ж. «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстардың үлесі
1 568 000 000,00	361 185 768,50	8,55	23,03



**Qazaqstan
halqyna**

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ГРАНТТАРЫ

- Қордың Қамқоршылық кеңесінің 2023 жылғы 16 қаңтардағы шешімімен қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде қаза тапқан азаматтардың балалары мен жараланған балаларды қатысушыларды іріктеу өлшемшарттарына енгізу бөлігінде Бағдарламаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.
- Қордың Қамқоршылық кеңесінің 2023 жылғы 28 сәуірдегі шешімімен Бағдарламаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:
 - 2023-2024 оқу жылына 850 грант саны бекітілді;
 - шәкіртақы төлеу 10 ай жүзеге асырылады;
 - студентті оқудан шығарған кезде грант басқа студентке берілмейді және т. б.
 - "Грантқа үміткердің өтініміне қоса берілетін растайтын құжаттардың тізімі" №4 қосымшасымен және "Грантқа үміткердің келісімі" №5 қосымшасымен толықтырылды
- Қордың Қамқоршылық кеңесінің 2023 жылғы 12 маусымдағы шешімімен Бағдарламаға төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккен азаматтардың балаларын қатысушыларды іріктеу өлшемшарттарына енгізу және төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккен Қазақстан Республикасы азаматтарының балаларына эндаумент-қорда жеке шоттар ашу бөлігінде толықтырулар енгізілді.

Бағдарламаның 4 оқу жылына арналған жалпы бюджеті 13 239 200 000 теңге мөлшерінде болған жағдайда, 2023 жылғы 11 сәуір мен 23 маусым аралығында Қордың «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп шотынан шәкіртақылар мен гранттар төлеу есебіне 360 095 529,43 теңге аударылды, бұл бағдарламаның жалпы құнының 2,72%-ын және «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан төлемдер сомасының 8,53%-ын құрайды.



Бағдарлама мен жобалардың жалпы құны, теңге	2023 жылдың 1 жартыжылдығында «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан бағдарламаны/жобаны іске асыру сомасы, теңге	2023 жылдың 1 жартыжылдығында «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотындағы жалпы төлемдерден бағдарламаны/жобаны іске асыруға арналған шығыстардың үлесі, %	Бағдарламаның/жобаның жалпы құнынан 2023 жылдың 1 жартыжылдығында «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан бағдарламаны/жобаны іске асыруға арналған шығыстардың үлесі, %
13 239 200 000,00	360 095 529,43	8,53	2,72



ҚАЙҒЫЛЫ ҚАҢТАР ОҚИҒАЛАРЫНДА ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ

Қор қайғылы қаңтар оқиғалары барысында зардап шеккендерге Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасынан қаңтардағы оқиғалар кезінде зардап шеккендердің тізімі (сотқа дейінгі тергеп-тексеруді аяқтау нәтижелері бойынша), қаза тапқан және ауыр жараланған әскери қызметшілердің, ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің тізімдері, сондай-ақ қаза тапқандардың отбасыларында қалған кәмелетке толмаған балалар туралы ақпарат түрінде ақпарат келіп түсуіне қарай қайырымдылық көмек көрсетеді.

2023 жылғы 27 қаңтар мен 1 ақпан аралығында Қор «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде қаза тапқан Қазақстан Республикасы азаматының отбасына 13 000 000 теңгеге қайырымдылық көмек көрсетті, бұл осы қайырымдылық көмектің жалпы құнының 0,54%-ын «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотындағы жалпы төлемдердің 0,70%-ын құрайды.

Бағдарламаның жалпы құны, теңге	2023 ж.1 тоқсанында «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан бағдарламаны іске асыру сомасы, теңге	2023 ж.1 тоқсанында «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотындағы жалпы төлемдерден бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстардың үлесі, %	Бағдарламаның жалпы құнынан 2023 ж.1 тоқсанында «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстардың үлесі
2 412 000 000	13 000 000	0,70%	0,54%



**Qazaqstan
halqyna**

ТАМЫР ПАТОЛОГИЯСЫ БАР БАЛАЛАРҒА МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ



Бұл қайырымдылық бағдарламаның мақсаты: балалардағы туа біткен тамыр патологиясы мәселесін шешу, халықтың әлеуметтік осал топтарынан гемангиома диагнозы қойылған 18 жасқа дейінгі балаларға медициналық көмек көрсету: мүгедектігі бар балалар; көп балалы отбасылардан шыққан балалар; толық емес отбасылардан шыққан балалар; аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар; мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балалар; ата-аналарының бірінде мүгедектігі бар балалар.

Бұл бағдарламаны іске асырудың Серіктесі тамыр патологиясы бар балаларға медициналық көмек көрсететін Ағабек Қарабеков атындағы Қоғамдық Қордың Әлеуметтік медициналық орталығы болып табылады.

2023 жылдың 16 наурызында Серіктес «Клиника лазерной медицины» ЖШС жаңа орталығын ашты. Қазіргі уақытта Серіктес наркоз арқылы операциялар жасау үшін лицензиялау рәсімінен (2 кезең) өту туралы қорытынды құжаттарды дайындауда.

Осы лицензияны алғаннан кейін 41 бала емдеуді жаңа орталықта жалғастырады.

Осы бағдарламаның жалпы бюджеті 20 480 000 теңгені құрады.

2023 жылғы 6 қаңтардан 7 сәуірге дейін Қордың «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан **8 896 000 теңге** мөлшерінде төлемдер жүргізілді.

Бағдарлама мен жобалардың жалпы құны, теңге	2023 жылдың 1 жартыжылдығында «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан бағдарламаны/жобаны іске асыру сомасы, теңге	2023 жылдың 1 жартыжылдығында «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотындағы жалпы төлемдерден бағдарламаны/жобаны іске асыруға арналған шығыстардың үлесі, %	Бағдарламаның/жобаның жалпы құнынан 2023 жылдың 1 жартыжылдығында «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан бағдарламаны/жобаны іске асыруға арналған шығыстардың үлесі, %
20 480 000,00	8 896 000,00	0,21	43,44



АУТИЗМ ЖӘНЕ БАСҚА ДА МЕНТАЛДЫ БҰЗЫЛУЛАРЫ БАР БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ОРТАЛЫҚТАРДЫ ЖАРАҚТАНДЫРУ

Аталған қайырымдылық жобасының мақсаты аутизм және басқа да респунменталды бұзылулары бар балаларға арналған 8 орталықты материалдық-техникалық жарақтандыру, инфрақұрылымды дамыту және 8 қалада: Алматы, Шымкент, Қостанай, Тараз, Өскемен, Ақтөбе, Талдықорған, Павлодар орталықтарының қызметкерлерін оқыту болып табылады.

Жоба серіктестермен бірлесіп жүзеге асырылуда: «Қамқорлық Қоры» КҚ, «Самұрық-Қазына Траст» КҚ, «Нұрсұлтан Назарбаев Қоры» ЖҚ, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, тиісті өңірлердің әкімдіктері.

Осы жобаның жоспарланған нәтижесі: жалпы аутизмі және басқа да менталды бұзылулары бар 1000 баланың қамтылуымен жыл сайын әрбір кешенді қызмет көрсету орталығын 125 балаға ұсыну.

Барлық орталықтардың ашылуы 2023 жылдың қыркүйек айына дейін жоспарланған.

Осы жобаның жалпы бюджеті 1 018 420 576 теңге мөлшерінде болған жағдайда, 2023 жылғы 6 қаңтар – 18 сәуір аралығында Қордың «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан **189 557 773,53 теңге** мөлшерінде төлемдер жүргізілді, бұл жобаны іске асырудың жалпы құнының 18,61%-ын және жоба бойынша жалпы төлемдердің 4,49%-ын құрайды.



Бағдарлама мен жобалардың жалпы құны, теңге	2023 жылдың 1 жартыжылдығында «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан бағдарламаны/жобаны іске асыру сомасы, теңге	2023 жылдың 1 жартыжылдығында «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотындағы жалпы төлемдерден бағдарламаны/жобаны іске асыруға арналған шығыстардың үлесі, %	Бағдарламаның/жобаның жалпы құнынан 2023 жылдың 1 жартыжылдығында «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан бағдарламаны/жобаны іске асыруға арналған шығыстардың үлесі, %
1 018 420 576,00	189 557 773,53	4,49	18,61



ЕРТЕ АРАЛАСУ ОРТАЛЫҚТАРЫН ЖАРАҚТАНДЫРУ

Осы қайырымдылық жобасын іске асыру шеңберінде дамуында кемістігі және дамудың алғашқы кезеңдерінен бастап олардың пайда болу қаупі бар балалардың ойдағыдай дамуы үшін жағдай жасау мақсатында 13 өңірде (Алматы, Шымкент, Қостанай, Тараз, Өскемен, Түркістан облысы Қабланбек ауылы, Талдықорған, Павлодар, Қарағанды, Петропавл, Арал, Орал, Атырау) ерте араласу орталықтарын материалдық-техникалық жарақтандыру жүргізіледі.

Күтілетін нәтижелер: жыл сайын әр орталықта 600 бала мен отбасы қызмет алады, жалпы қамтылуы жылына 7800 бала.

Барлық орталықтардың ашылуы 2023 жылдың қыркүйекайына дейін жоспарланған.

Жобаны іске асыру бойынша серіктестер: «Қамқорлық Қоры» КҚ, «Самұрық-Қазына Траст» КҚ, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, тиісті өңірлердің әкімдіктері.

Жалпы бюджет 870 273 144 теңге мөлшерінде болған жағдайда 2023 жылдың 1 жартыжылдығында жобаны іске асыру 33,40%-ды құрайды, 2023 жылдың 17 Қаңтар – 23 маусым кезеңінде Қордың «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан 290 691 195,46 теңге мөлшерінде төлемдер жүргізілді.



Бағдарлама мен жобалардың жалпы құны, теңге	2023 жылдың 1 жартыжылдығында «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан бағдарламаны/жобаны іске асыру сомасы, теңге	2023 жылдың 1 жартыжылдығында «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотындағы жалпы төлемдерден бағдарламаны/жобаны іске асыруға арналған шығыстардың үлесі, %	Бағдарламаның/жобаның жалпы құнынан 2023 жылдың 1 жартыжылдығында «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан бағдарламаны/жобаны іске асыруға арналған шығыстардың үлесі, %
870 273 144,00	290 691 195,46	6,88	33,40



**Qazaqstan
halqyna**

24 БАЛАЛАР СПОРТ ЗАЛЫ

Еліміздің шалғай елді мекендерінде спортқа қолжетімділік деңгейі төмен аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан 5 жастан 18 жасқа дейінгі балалар, сондай-ақ даму ерекшелігі (инклюзивтілігі) бар балалар үшін балалар спортының қолжетімділігін арттыру мақсатында.

2022 жылдың 31 желтоқсанына жоба аясында «Батыр боламын» ҚҚ іске асыру бойынша серіктесімен бірлесіп келесі өңірлерде 3500 баланы қамтитын балалар спорт залдары жарақтандырылды:

- Ақмола облысы Тасты а.;
- Алматы облысы Ават а., Черкасск а., Қазақстан а., Чапаев а.;
- Атырау облысы Доссор қала үлгісіндегі ауылы, Бөдене а.;
- Батыс Қазақстан облысы Ақсай қ., Ақпәтер а., Дариян а., Бұлан а., Қарауылтөбе а.;
- Қарағанды облысы Изенді а., Талап а., Жезді а., Ақмешіт а.;
- Қостанай облысы Новотроицкое а.;
- Маңғыстау облысы Бейнеу а., Ақжігіт а., Сенек а., Үштаған а.;
- Түркістан облысы Қақпақ а., Қарақұр а.;
- Солтүстік Қазақстан облысы Покровка а..

Осы қайырымдылық жобасының соңғы кезеңін іске асыру шеңберінде 2023 жылғы 31 қаңтарда Қордың «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан 20 890 851 теңге аударылды.



Бағдарлама мен жобалардың жалпы құны, теңге	2023 жылдың 1 жартыжылдығында «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан бағдарламаны/жобаны іске асыру сомасы, теңге	2023 жылдың 1 жартыжылдығында «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотындағы жалпы төлемдерден бағдарламаны/жобаны іске асыруға арналған шығыстардың үлесі, %	Бағдарламаның/жобаның жалпы құнынан 2023 жылдың 1 жартыжылдығында «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан бағдарламаны/жобаны іске асыруға арналған шығыстардың үлесі, %
234 687 045,00	20 890 851,00	0,49	8,90



АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ ТІРЕК МЕКТЕПТЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІН ДАМУЫ

Еліміздің мықты мектептерімен тығыз серіктестікте ауылдық тірек мектептерін дамытудың тиімділігін арттыру, сондай-ақ ауылдық мектептерді материалдық-техникалық жарақтандыру және педагогтердің кәсіби дамуына тең жағдай жасау есебінен аумақтық және әлеуметтік-экономикалық белгілер бойынша білім беру сапасының алшақтығын қысқартуға жәрдемдесу мақсатында жоба ҚР барлық облыстарындағы 17 мектепте іске асырылды.

Іске асыру шеңберінде Жобаға қатысатын әрбір мектеп мектепалды даярлық және робототехника кабинеттерін, мультимедиялық кабинет пен STEM-зертхананы, қазіргі заманғы жаңа зертханасы бар физика және химия кабинеттерін және басқаларын қоса алғанда, білім берудің барлық пәндері мен бағыттары бойынша жаңа заманауи модификация кабинеттерін алды, оның ішінде жоба шеңберінде мектептің әкімшілік кабинеттері мен шаруашылық блогынан басқа мектептің акт және спорт залдарында, мұғалімдер кабинеті және асханада жиһаз және жабдық жаңартылды.

2023 жылғы 9 ақпан – 29 наурыз аралығында жобаны іске асыру мақсатында Қордың «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан 1 012 711 040 теңге аударылды, бұл жобаның жалпы құнының 23,83%-ын құрайды.



Жобаның жалпы құны, теңге	2023 ж.1 тоқсанында «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан бағдарламаны іске асыру сомасы, теңге	2023 ж.1 тоқсанында «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотындағы жалпы төлемдерден бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстардың үлесі, %	Бағдарламаның жалпы құнынан 2023 ж.1 тоқсанында «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстардың үлесі
4 250 000 000	1 012 711 040	23,98%	23,83%



ТҰСАУ КЕСЕР

«Тұсау кесер» қайырымдылық жобасын іске асыру шеңберінде мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған дене шынықтыру-сауықтыру үйірмелері (ДСҮ) ашылды, спорттың бес түрі бойынша тегін сабақтарға арналған 5 зал жарақтандырылды: бокс, армрестлинг, каратэ, ауыр атлетика және жекпе-жек, еліміздің 5 өңірінде (Семей, Алматы, Шымкент, Атырау, Астана). Барлық спорт түрлері мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы бейімделген, сабақтар кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесі бар жоғары білікті оңалту мамандарының бақылауымен арнайы оқытылған әдістеме бойынша өтеді. Жобаны іске асыру бойынша серіктес «Жас-Жауынгер» қоғамдық қоры болып табылады.

2023 жылғы 24 наурыз бен 7 маусым аралығында Қордың «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан осы қайырымдылық жобасы бойынша міндеттемелерді орындау есебіне 19 500 000 теңге аударылды, бұл жобаның жалпы құнының 23,13%-ын құрайды.



Бағдарлама мен жобалардың жалпы құны, теңге	2023 жылдың 1 жартыжылдығында «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан бағдарламаны/жобаны іске асыру сомасы, теңге	2023 жылдың 1 жартыжылдығында «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотындағы жалпы төлемдерден бағдарламаны/жобаны іске асыруға арналған шығыстардың үлесі, %	Бағдарламаның/жобаның жалпы құнынан 2023 жылдың 1 жартыжылдығында «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан бағдарламаны/жобаны іске асыруға арналған шығыстардың үлесі, %
84 294 100,00	19 500 000,00	0,46	23,13



"Endowment Qazaqstanhalqyna"

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 қыркүйектегі № 1008 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» жолдауын Іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 62-тармағына сәйкес Үкімет «Қазақстан халқына» Қоғамдық қорымен бірлесіп эндаумент-қорлардың қызметін жетілдіру жөнінде шаралар қабылдауы тиіс

- ❖ Қордың Қамқоршылық кеңесінің 2023 жылғы 16 қаңтардағы отырысында Қордың Нысаналы капиталын (эндаументін) қалыптастыру тұжырымдамасы қаралды;
- ❖ Қордың Қамқоршылық кеңесінің 2023 жылғы 30 қаңтардағы отырысында нысаналы капиталды басқаратын компания - "Endowment Qazaqstan Halqyna" нысаналы капиталды (эндаументті) басқару жөніндегі компания» корпоративтік қорын құру туралы шешім қабылданды;
- ❖ 2023 жылғы 2 маусымда Қор мен Корпоративтік қор арасында Ақшаны сенімді басқару шарты жасалды. Корпоративтік қор нысаналы капиталды басқаруға кірісті.
- ❖ Корпоративтік қор қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде қаза тапқан азаматтардың балалары мен жараланған балаларды, сондай-ақ төтенше жағдайлар кезінде қаза тапқан азаматтардың балаларын (Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша) білім беру гранттарымен қамтамасыз ету үшін арнайы шоттар ашуды қамтамасыз етеді.
- ❖ Қор Басқармасының 2023 жылғы 24 мамырдағы шешімімен Қордың нысаналы капиталы (эндаументі) қалыптастырылды - әрбір банктен 1 940 000 000 мөлшерінде сома аударылды – «Bank RBK » Банкі » АҚ, «Қазақстан Халық банкі» АҚ, «ForteBank» АҚ, «Kaspi Bank » АҚ, «Нұрбанк» АҚ)